

MINOR «ТАНЫМДЫҚ ТУРИЗМ»

Бағдарламаның ерекшеліктері:

«Танымдық туризм» - білімді ұрпақ тәрбиелеп білім беруге, жаңа форматтағы ұстаздарды дайындауда, еліміздің табиғат байлықтарын білуге және туристік-рекреациялық ресурстарын халықтың игілігіне пайдалануды оқытады. Халықтың денсаулығына табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың әсері, киелі жерлердің тарихи-географиялық ерекшеліктерін қарастырады және туристік жұмыстарды ұйымдастыруға, рекреациялық ресурстарды ғылыми-танымдық тұрғыдан зерттеуде үлкен роль атқарады.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Танымдық туризмді кешенді оқыта отырып, білім алушылардың бойында адамзаттың мәдени-рухани өркендеуіндегі туристік қызметтерді ұйымдастыру мен жоспарлаудағы іскерліктерін қалыптастыру және білім-біліктілік дағдыларын дамыту.

-тұлғаның мәдени-рухани өркендеуіндегі рекреациялық географияның ерекшеліктерін айқындау;

- Заманауи туристік индустрияны дамытудағы географиялық факторларды анықтауды меңгеру;

- Қоғам дамуындағы киелі жерлердің тарихи-географиялық ерекшеліктерін зерттеу;

- Кеңістіктегі туристік құбылыстардың формалары мен қатынастарының және оларға байланысты үрдістерді талдау мен оларға баға беруді үйрету;

- Қазақстанды туристік имиджі қалыптасқан елдермен салыстыру және туристік қызметтерді ұйымдастыруда іскерлік дағдысын қалыптастыру.

Бағдарламаның күтілетін оқу нәтижелері:

1. Аймақтың табиғи және мәдени әлеуетін қолдануда туристік қызметтерді ұйымдастыру мен жоспарлауды біледі;

2. Өлкеміздегі киелі орындардың географиялық орналасуын сипаттайды;

3. Қазақстанның туристік - рекреациялық орындарының географиялық заңдылықтарын талдайды;

4. Әлемдік және Отандық туризм саласының зерттелуін салыстырады;

5. Еліміздегі туристік аймақтардың ерекшеліктеріне талдау жасайды;

6. Адамның өмір сүру ұзақтығын арттыруға бағытталған бағдарламамен танысады және өмірмен байланыстырып дәлелдемелер келтіреді;

7. Табиғи-туристік нысандар мен киелі жерлерді қорғаудың тиімді жолдарын ұсынады;

8. Қазақстанның киелі жерлер белдеуін картадан көрсете отырып, оларға тарихи-мәдени құндылық ретінде талдау жасайды;

9. Туристік қызметтерді ұйымдастырудың жоспарын жасайды;

10. Қорғалатын аймақтар мен киелі жерлерге саяхат бағытын құрастырады;

11. Туристік қызмет жайында ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолданады;

Бағдарламаның мазмұны:

№	Пәннің атауы	Кредит	Сағаттың үйлестірілуі				Пәннің қысқаша сипаттамасы	Қалыптас-тыратын оқу нәтижелері
			Лекция	Практика/зертхана	СӨЖ	СӨЖ		
1	Рекреациялық география	5	15	30	30	75	«Рекреациялық география» курсына адамның денсаулығын қалпына келтіруге байланысты табиғи құбылыстармен антропогендік іс-әрекеттер негізінде анықтайды. Аймақтық рекреациялық жүйе қалыптастырудың материалдық және рухани негізін талдауды, антропоэкология түсінігімен оның қасиетінің қоршаған орта саласындағы өлшемдерін, денсаулықты қалпына келтіруге ортаның табиғи факторларының тигізетін әсерін қарастырады.	ОН 1 ОН 3 ОН 6
2	Киелі жерлер географиясы	4	15	30	30	75	«Киелі жерлер география» – әлеуметтік география ғылымның бір бөлігі.. «Киелі жерлер географиясы» - студенттерге әлемнің киелі орындарын танып,еліміздің табиғи-тарихи киелі жерлеріне археологиялық және этномәдени экспедициялар жүргізуді, Қазақстанның ұлттық киелі нысандары, тарихи орындары: көне елді мекендер, кесенелер, табиғи көрікті жерлер, ұлттық мұра нысандарын жан-жақты сипаттауды үйретіп, аймақтық бейнелеулерін қалыптастырады.	ОН 2 ОН 7 ОН 8 ОН 10
3	Туристік қызметтерді жоспарлау және ұйымдастыру	5	15	30	30	75	Туризмнің даму тарихы. Туристік қызметті жоспарлау және ұйымдастыру ресурстар түрлері және олардың таралу аудандары Туристік жорықтардың түрлеріне байланысты қозғалыс	ОН 4 ОН 5 ОН 9 ОН 11

						тәртіптері.Туристерге қауіпсіздікті қамтамысыз ету, жорықтағы демалыс және түнгі демалысты ұйымдастыру, алғашқы медициналық көмек көрсету, туризмнің қоғамдағы маңызы мен болашағы туристік саланы дамыту мәселелер қарастырылады.	
--	--	--	--	--	--	---	--